

"Санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 189 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 19 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5219 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1), 3), 14) - тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін:

1) "Дезинфекциялау - жуу станцияларын және жабық вагондарды дайындаудың кешенді пункттерін жобалауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар";

2) "Жол монтерларының еңбек жағдайларына және тұрмыстық қызмет көрсетілуіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар";

3) "Вагон депосын жобалауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Белоног А.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құқықтық жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаменті (Малгаждарова Б.Т.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

М и н и с т р д і ң
Қ. Омаров

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация

М и н и с т р і

----- С. Ахметов

2008 жылғы 8 сәуір

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
міндетін атқарушының
2008 жылғы 8 сәуірдегі
N 189 бұйрығымен бекітілген

"Дезинфекциялау-жуу станцияларын және жабық вагондарды дайындаудың кешенді пункттерін жобалауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары 1. Жалпы бөлім

1. "Дезинфекциялау-жуу станцияларын және жабық вагондарды дайындаудың кешенді пункттерін жобалауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары (бұдан әрі - санитарлық ереже) қызметі дезинфекциялау-жуу станцияларын және жабық вагондарды дайындаудың кешенді пункттерін жобалаумен, құрылысымен, күтіп-ұстаумен және пайдаланумен байланысты жеке және заңды тұлғаларға таратылады.

2. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер және анықтамалар қолданылды:

1) дезинфекциялау-жуу станциясы (бұдан әрі - ДЖС) - жануарларды және жануарлардың шикізатын тасымалдаудан кейін жүк вагондарын тазалау, жуу және санитарлық өңдеуге арналған темір жол көлігінің құрылымдық бөлімшелері ;

2) жабық вагондарды дайындаудың кешенді пункті (бұдан әрі - ЖВДП) - азық-түліктерді, шаруашылық, мықты әсер ететін химиялық заттарды және төгілетін қауіпті жүктерді тасымалдаудан кейін жабық вагондарды тазалау, жуу және дезинфекциялық өңдеуге арналған темір жол көлігінің құрылымдық бөлімшелері;

3) вагондарды қарау - жүктің дұрыс сақталуын, пломбының бұзылмауын, жүктің және жолдамалық тауар-көлік құжаттарының сәйкестігін қарау.

2. Аумаққа, ғимараттарды жобалауға және тұрғызуға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. ДЖС және ЖВДП жобалауда, орналастыруда, құрылысын салғанда және қайта жөндегенде, сондай-ақ пайдалануға бергенде осы санитарлық ереженің талаптарына сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болуы қ а ж е т .

ДЖС және ЖВДП жобалауда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3792 болып тіркелген "Өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ереже және нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 334 бұйрығының (бұдан әрі - N 334 бұйрық) талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4. ДЖС және ЖВДП құрылысына таңдап алынатын учаске құрғақ, су баспаған болуы, грунт суларының тұрған деңгейі жер бетінен 1,5 метрден (бұдан әрі - м) жоғары емес болуы тиіс. Учаскеде ДЖС-сы шекарасынан жақын тұрғын ғимараттарға, тастақ жолға және мал жайылымынан 1000 м кем емес қашықтыққа дейін көркейтілген және көгалданған санитарлық-қорғау аймағы болуы тиіс. Жер учаскесін таңдауға және жоба құжатына санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілуі тиіс.

5. ДЖС және ЖВДП аумағы және санитарлық-қорғау аймағы көркейген, көгалданған болуы тиіс. Учаскеде жиналған және жауын суларын станциялық жолдарға және тұрғын үй құрылысына қарсы орналасқан жаққа шығаруға арналған еңіс болуы тиіс.

6. ДЖС-ның құрамына мыналар енуі тиіс: тұрмыстық үй-жайлары бар әкімшілік-шаруашылық корпус, санитарлық өткізу бөлімшесі, платформа және көнді түсіруге және оны зарарсыздандыруға арналған орындары бар вагондарға 1, 2, 3-санатта өңдеу жүргізуге арналған учаске, дезинфекциялау бөлмесі, қоқыс жағатын пеші бар депо, материалдық-техникалық қамтамасыз ету қоймасы, гараж, от жағу бөлмесі.

7. ДЖС-ның аумағы вагондарды өңдеу санатына байланысты бір-бірінен оқшауланған үш учаскеге бөлінуі тиіс.

8. ДЖС-дағы вагондарды өңдейтін әрбір учаскеде өздерінің темір жол және автомобиль жолдары, темір жолмен оларды қиылыстыру кезінде төсеніш және нұсқауыштармен жабдықталған беті қатты жаяу өтетін жолдар болуы тиіс. Түнгі мезгілде учаске жарықтануы тиіс.

9. Объектілердің аумақтарын жалпы жарықтандыру үшін шамның газоразрядтық көздері бар жарықтандыру құралдары, ал газоразрядтық шам болмаған кезде - қуаты 1,10 киловатт галогенді қызу шамдары қарастырылуы тиіс. Жұмыс жүргізілетін орындарда жер деңгейіндегі жарық 10 люкстен төмен болмауы тиіс.

10. Ойық жерлерге, шұңқырларға, су жиналған жерлерге шлак, құм, топырақ себілуі, автомобиль жолдары және жаяу өту жолдары - асфальттануы тиіс.

11. ДЖС аумағына тұрғын үй құрылысын салуға рұқсат етілмейді.

12. ЖВДП құрамына мыналар енуі тиіс:

1) платформа және шаруашылық жүктердің қалдықтарын (жемшөп, қағаз, қоқыс, минералды тыңайтқыш, күкірт, цемент, әк, қоқысмақта және басқа да жалпы өндірістік заттар, құрылыс жүктерін) түсіруге арналған орындары бар вагондарды өңдеуге арналған учаске;

2) қауіпті жүктерге (пестицидтерге және уыттың 1, 2, 3-санатындағы басқа да төгілетін химиялық заттарға) арналған учаске;

3) вагон жуу машиналарына арналған үй-жай;

4) вагондардың сыртын жууға арналған аңгарлар, вагондарды жөндеуге арналған цех;

5) тұрмыстық үй-жайы бар әкімшілік-шаруашылық корпус;

6) қоймалар, гараж, қазандық.

13. Қауіпті жүктерді өңдеу учаскесінде қауіпті жүктердің қалдығын жинауға, ағынды және жуынды суларды зарарсыздандыруға арналған алаңша, жеке кәріз болуы тиіс.

14. Вагондарды 1-санатта өңдеу учаскесі сым дуалмен қоршалуы және орман қорғау сызығымен, 2 және 3-санатта өңдеу учаскесі - тұтас дуалмен қоршалуы тиіс.

15. Вагондарды 1 және 2-санатта өңдеуге арналған учаскелердің арасындағы санитарлық алшақтық 50 метрден (бұдан әрі - м) кем болмауы, 2 және 3-санатта өңдеу - қатар болуы мүмкін, бірақ тұтас дуалмен бөлінуі тиіс.

16. ДЖС және ЖВДП аумағы таза күтіп-ұсталуы, жазда - су құйылуы, қыста - қардан және мұздан тазартылуы тиіс. Қалдықтар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3629 болып тіркелген "Елді-мекендер аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 137 бұйрығының (бұдан әрі - N 137 бұйрық) талаптарына сәйкес аумақтан көму полигонына үнемі шығарылуы тиіс.

17. Тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін, размері қоқыс салғыш контейнердің негізгі ауданынан үш есе үлкен болатын бетондалған немесе

асфальтталған алаңшада орнатылған, қақпағы бар металл қоқыс салғыш (контейнер) қолданылуы тиіс.

18. Контейнерлер өндірістік және қосалқы үй-жайлардан 25 м жақын емес және 100 м алыс емес қашықтықта орналасуы тиіс. Қоқысты шығару контейнер сыйымдылығының 2/3-сі толған кезде жүргізілуі тиіс. Контейнерлер аптасына 1 рет жуылуы тиіс.

19. Кәсіпорын аумағына келу (кету) және кіру (шығу) кезінде қақпа алдында Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау ерітіндісімен толтырылған кювет түріндегі дезинфекциялық барьер қойылуы тиіс. Қысқы кезеңде кюветтер дезинфекциялау ерітінділерін жылытуға арналған құрылғымен жабдықталуы тиіс. Дезинфекциялық барьерді тазалау және дезинфекциялау ерітінділерін ауыстыру аусымда 2 реттен кем жүргізілмеуі тиіс.

3. Сумен қамтамасыз етуге және кәрізге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

20. Вагондарды жуу, дезинфекциялау ерітінділерін дайындау (аэрозоль), аумаққа су себу үшін техникалық су құбырымен жабдықталуы тиіс.

21. Ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын су Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2999 болып тіркелген "Шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары бойынша санитарлық ереже және нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығының (бұдан әрі - N 506 бұйрық) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

22. Шаруашылық-ауызсуды техникалық су құбырымен қосуға рұқсат етілмейді. Сумен қамтамасыз ету жүйесі бөлек болуы, құбырлар - ажырату түсімен боялуы тиіс. Су тарату жерлерінде "ауызсу", "техникалық" деген жазулар болуы тиіс.

23. Ыстық су жуу платформасына шлангіден шығарда 10 атмосферадан кем емес қысыммен және 60 Цельсий градус (бұдан әрі - $^{\circ}\text{C}$) температурадан төмен болмауы тиіс.

24. Өндірістік және жауын суларын жинау вагондарды өңдейтін әрбір учаскеден бөлек жүргізілуі тиіс.

25. Рельсаралық учаске кәріз астауымен, құдықпен жабдықталуы және торлармен жабылуы тиіс.

26. ДЖС-да көнді биотермикалық зарарсыздандыру алаңшасы (тереңдігі және ені 0,5 м) орталық науамен және (0,25 x 0,3 м) бүйірлік су ағатын арықпен

жабдықталуы тиіс. Орталық науа алаңшаға көң түсірудің алдында тормен жабық болуы тиіс.

27. ДЖС-да вагондарды 1-санатта өңдеу аймағынан шығатын ағынды сулар астауға жиналып, тор көзді бөгеттерден, құмнан механикалық тазалаудан өтуі, жинау құдықтарында тұндырылуы, зарарсызданған соң аумақтан шығарылуы тиіс. Зарарсыздандыру жүйесі бар тазалау ғимараттарының қалалық кәріз коллекторына ағынды суларды жинау кезінде оларды механикалық тазалаудан өткізу тиіс.

28. ДЖС-да вагондарды 2-санатта өңдеген соң ағынды суларды зарарсыздандыру үшін тігінен қойылған тұндырғы құрылғылары қарастырылуы тиіс. Ағынды сулар аралық тұндырғылар арқылы үй-жайдың биосүзгісіне сорып алынуы тиіс. Ағынды суларды жіберер алдында дезинфекциялық ерітінділерді пайдалану арқылы щеткалы араластырғыш арқылы өтуі тиіс. Вагондарды 2 санатта өңдеу аймағынан шығатын ағынды суларды тазалау кезінде пайда болатын тұнбалар жиналуы және компостирлеу жолымен биотермикалық зарарсыздандыруға жіберілуі тиіс.

29. Тор көзді бөгеттер арқылы астау бойынша вагондарды 3 санатта өңдеген соң ағынды сулар бетондалған жинау құдығына жиналуы, қалалық коллекторға жіберілуі үшін автоклавтарға айдалуы тиіс.

30. ЖВДП-да вагондарды өңдеудің жалпы аймағынан шығатын ағынды сулар тор көзді бөгеттерден, құмнан механикалық тазалаудан өтуі, жинау құдықтарында тұндырылуы, тұндырылған және зарарсызданған соң өзінің тазалау имараты бар қалалық кәріз коллекторына шығарылуы тиіс. Қатты шлак түріндегі әртүрлі жүктердің қалдықтары (минералды тыңайтқыш, құрылыс жүктері) уытты қалдықтар полигонына шығарылуы тиіс.

31. ЖВДП-да төгілетін химиялық жүктердің вагондарын өңдеуден соң ағынды суларды тазалау үшін жинауға, тазалауға бейтараптауға және зарарсыздандыруға арналған имараттар болуы тиіс.

4. Желдеткішке, жылуға және жарыққа қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

32. Жылу, желдеткіш және ауа баптау жүйелері ДЖС, ЖВДП өндірістік үй-жайлардағы оңтайлы микроклиматтық параметрлерін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3789 болып тіркелген "Өндірістік үй-жайлардың ауасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 14 шілдедегі N 355 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.

33. Өндірістік үй-жайлардағы жылу және желдеткіш жүйелеріне жылу тарату ретінде 150°C артық емес температурадағы ыстық су қолданылуы тиіс. 130°C -тан артық емес температурасы бар жоғары қысымдағы су буын жылу таратушы ретінде қолдануға рұқсат етіледі.

34. Су және бу жылуы жүйелерінің оңтайлы аспаптарының беті тазалауға ыңғайлы болатындай тегіс болуы тиіс.

35. ДЖС және ЖВДП-ның үй-жайларында механикалық сыртқа тарату желдеткіші, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларда - табиғи немесе механикалық таралатын желдеткіш болуы тиіс.

36. Зиянды заттар бөлетін технологиялық жабдықтар және процестер жабдыққа жанаса орналасқан немесе зиянды заттар бөлінетін аймаққа максималды жақындатылған жергілікті сору желдеткішінің (жергілікті сору) құрылғысымен жабдыкталуы тиіс.

37. Шудың зиянды әрекетін төмендету мақсатында есту мүшесінің жеке қорғаныш құралы пайдаланылуы тиіс.

38. Өндірістік үй-жайлардағы құрамында зиянды заттар бар (немесе жағымсыз исі бар) жергілікті және жалпы айналым сору желдеткішінің жүйелерінен шығатын ауа Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3076 болып тіркелген "Эпидемиология және гигиена бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 629 бұйрығына сәйкес тазалауға жатуы тиіс.

39. Табиғи желдету үшін барлық үй-жайларда форточкалар, фрамугтер және жарма терезелер, ашу және қайта оңай жабылуға бейімделген терезе жапқыш торлар қарастырылуы тиіс. Үй-жайдағы терезе әйнектері ішке ашылуы тиіс.

40. ДЖС-да вагондарды 3-санатта өңдеу депосының жұмыс камераларынан шыққан пароформалиндік қоспаларды және қазандықтан шыққан түтіндерді шығару үшін үй-жайда механикалық іске қосылатын сору желдеткіші, ал олармен аралас үй-жайларда - сыртқа тарату желдеткіші болуы тиіс.

41. Өндірістік үй-жайларда ауа температурасы плюс 18°C -тан төмен емес және плюс 22°C жоғары емес, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50-75 процент болуы тиіс. Жылыту құралдары бетінің максималды температурасы сумен жылыту үшін 120°C , бумен жылыту жүйесі үшін 110°C жоғары болмауы тиіс.

42. ДЖС және ЖВДП-ның өндірістік учаскелерінде табиғи, жалпы және жергілікті жасанды жарық қарастырылуы тиіс. Жарық шамдарының және терезе жақтауларының құрылымы оларды тазалау үшін жеңіл болуды қамтамасыз етуі тиіс.

43. Жұмысшылардың аз уақыт (үш сағат) болатын үй-жайларында және өндірістік процесті көзбен бақылау жүргізілмейтін жұмыс орындарында жасанды жарыққа рұқсат етіледі.

44. ДЖС және ЖВДП-да вагондарды өңдеу кезінде жергілікті жарық үшін шашыраудан қорғанышы және сынбайтын арматуралары және магнитті ұстатқышы бар тасымалданатын шамшырақтар қолданылуы тиіс. Тасымалданатын шамшырақтар үшін 12 вольтты төмен вольттағы кернеулікке қосу үшін құрылғылар қарастырылуы тиіс. Жергілікті жарықтың қосымша көздері ретінде аккумуляторлы қол шамдар қолданылуы тиіс.

5. Вагондарға санитарлық өңдеу жүргізу учаскесіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

45. Қыста температура 10-15 °С төмен түспейтін климаттық аймақтарда ДЖС-да және ЖВДП-да вагондарға 1 және 2-санатта өңдеу жүргізу алаңшасы ашық түрде, осы параметрлерден төмен болса - жабық болуы тиіс.

46. Вагондарды өңдеу алаңшаларындағы темір жолдар жуу платформасына қарсы жаққа бүйірлей еңістеу болуы тиіс.

47. Ашық алаңшадағы немесе учаскедегі жуу платформаларын ағаш төсеніштермен жабдықтауға рұқсат етіледі.

48. Платформаларға ыстық және салқын су құбыры, дезинфекциялау, бейтараптау және зарарсыздандыру ерітінділері, сондай-ақ төменгі вольттық электр желісі келіп тұруы тиіс. Крандардың (гидранттар) саны және орналасуы, брандспойттың ұзындығы бір нүктеге қосылатын екі төртосьті вагондардан кем емес жууды қамтамасыз етуі тиіс.

49. Вагондардың ішін және сыртын жуу және кептіру жүргізу үшін вагон жуу және кептіру машиналары орнатылуы тиіс. Вагондарды бранспойттағы ыстық суымен өңдеуге рұқсат етіледі.

50. Қосалқы өндірістік үй-жайлар және алаңшалар, жабдықтар және мүккамалдар жұмыс аяқталған соң тазартылуы, жуылуы және дезинфекциялануы Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген заттармен жүргізілуі тиіс. Жинау мүккамалдар оларды қолдану орындарының қасында жабылатын шкафтарда сақталуы тиіс. Дәретхана үй-жайларын, әйелдер гигиенасы бөлмелерін, қол жуу, киім ілетін, тамақ ішетін, санитарлық өткізу үй-жайларын жинау ыстық суды, жуу және дезинфекциялау Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген заттарды қолдану арқылы, жұмыс кезінде және әрбір ауысым жұмысы аяқталған соң жүргізілуі тиіс.

51. Өнеркәсіптік үй-жайларда және жуу алаңшаларында ыстық және салқын су келіп тұратын қолжуғыш және электрлі кептіргіш орнатылуы тиіс.

6. Вагондарға өңдеу жүргізу үшін ДЖС-на қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

52. Вагондармен тасымалданатын жүктердің сипатына және қауіптілігіне байланысты вагондарды дезинфекциялаудың және жуудың технологиялық процесі үш санатқа бөлінеді.

ДЖС-да жүк вагондарын бірінші санатта өңдеуге келесі:

1) жұқпалы ауру бойынша қолайлы пункттердің ауырмаған үй және жабайы жануарларын;

2) ауырмаған жануарлардың еттерін және ет өнімдерін;

3) ауырмаған жануарлардың шикізаттарын;

4) күйдіргі ауруына зерттегенде нәтижесі теріс болған тері шикізатын, даладан жиналған және жан-жақтан құралған сүйектерді қоспағанда қасапханада сойылмаған, жұқпалы аурулар жоқ пункттерде дайындалған мал шаруашылығының шикізатын;

5) жүн, оның ішінде жүнді алғашқы өңдеу фабрикасында ыстық сумен жуылып, сырттан әкелінген жүнді тасымалдаған соң жатқызылады.

53. ДЖС-да вагондарды екінші санатта өңдеуге келесі:

1) ауруға күдікті немесе ауру жұқтыруға күдікті ауыратын үй және жабайы жануарларды;

2) жұқпалы ауру бойынша қолайсыз шаруашылықтағы малдың еті, шикізаты және жұмыртқаларын;

3) басқа елдердің жануарлары және қасапханада сойылған тері шикізатын;

4) ыстық сумен жуылмаған жүнді;

5) сырттан әкелінген жүнді;

6) сырттан әкелінген еттерді тасымалдаған соң жатқызылады.

54. Егер:

1) тасымалдау немесе түсіру кезінде ауру екені немесе күйдіргі, эмфизематозды шикан, сап, сіреспе, қой ауруы, эпизоотикалық лимфа тамырларының қабынуы, құстар қоздыратын жұқпалы аурулар, аусыл, шошқаның африкандық оба ауруларына күдікті жануарлар анықталса;

2) тасымалдау немесе түсіру кезінде жануарлардың өлімтігі анықталса;

3) қасапханада сойылмаған және күйдіргіге зерттелмеген тері шикізаты, далалық және жиналған сүйектер, ыстық өңделмеген жануар тұқымының сырттан әкелінетін шикізаты тасымалданса ДЖС-да вагондар үшінші санатта өңдеуге жатқызылады.

55. ЖВДП-да санитарлық өңдеуге жататын барлық вагондар 3 топқа бөлінуі тиіс:

1) астық, ұн, күнжара, қоспажем, жемшөп, қант, жарма, қағаз, тоқыма, ыдысқа салынатын жүктер және басқа да ластанатын инертті жүктерді тасымалдаған жабық вагондар;

2) аз қауіпті жүк болып табылатын әртүрлі шаруашылық жүктерді (минералды тыңайтқыш, алебастр, цемент, магнезит, күйе, күкірт, тринатрифосфат, ағаш көмір, әйнек талшығы, қоқысмақта) тасымалдаған жабық вагондар;

3) мұнай өнімдерін, қатты әсер ететін химиялық заттарды, өрттен қауіпті және тез тұтанатын сұйықтықтарды, пестицидтерді және қауіптіліктің 1, 2 және 3-класына жататын басқа да төгілетін қауіпті заттарды тасымалдаған жабық вагондар, цистерналар; ол үшін вагондар ағынды және жуынды суларды тазалау имаратына жіберу алдында тазалауға, бейтараптауға және зарарсыздандыруға арналған жеке кәріз жүйесі, қауіпті жүктердің қалдықтарын жинауға арналған бөлек алаңшасы бар жеке жолдарда зарарсыздануы тиіс.

56. ДЖС және ЖВДП-да радиоактивтік заттармен ластанған вагондарды өңдеу арнайы кәріз жүйесі болған кезде немесе радиациялық бақылауға арналған бақылау-өткізу пунктімен жабдықталған радиоактивтік қалдықтарға арналған арнайы контейнерлерді пайдалану кезінде рұқсат етіледі.

57. Вагондарға 3-санатта өңдеу жүргізуге арналған ДЖС-да мыналар болуы тиіс: (бір немесе екі) темір жолы бар дезинфекциялық камера (бұдан әрі - дезкамера), көң жағатын пеші бар үй-жай, автоклав бөлімшесі.

58. ДЖС жұмыс камерасында жолдың екі жағына бу, ыстық және салқын су, дезинфекциялау ерітінділері келіп тұратын жуу платформасы орнатылуы тиіс. Темір жолдардың арасындағы дезкамера экранмен жабдықталуы тиіс. Дезкамера механикалық сору желдеткішімен жабдықталуы тиіс.

59. Көң жағатын үй-жайда жүк қалдықтарының және вагондардан шығарылатын алмалы-салмалы жабдықтардың жағылуы үшін толық жанып кететін ағымдағы әсер пеші орнатылуы тиіс. Жүк қалдықтарын және алмалы-салмалы жабдықтарды пешке әкелу герметикалық контейнермен жүргізілуі тиіс.

7. ДЖС және ЖВДП-ның дезинфекциялау бөлімшелеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

60. Дезинфекциялау бөлімшесінде мынадай үй-жайлар қарастырылуы тиіс: дезинфекциялау құралдарының артығын сақтауға, жұмыс ерітінділерін дайындауға арналған, жуу платформаларына, зертханаларға дезинфекциялау ерітінділерін беруге арналған сорап бөлмесі. Барлық үй-жайлар бір-бірінен оқшау болуы тиіс.

61. Барлық үй-жайлар сыртқа тарату желдеткішімен, жеткілікті жарықпен және ыстық және салқын сумен жабдықталуы тиіс. Қойманың үй-жайлары жылытылуы, құрғақ, плита жапсырылған немесе майлы бояумен боялуы қабырғасы болуы, терезесіз болуы, едені (цемент, асфальт) кәрізге қарай еңістеу болуы тиіс. Дезинфекциялау ерітінділерін дайындауға арналған үй-жай оларды ашу және өлшеу жүргізілетін локальды сору желдеткішімен, жұмыс ерітінділерін дайындауға арналған өлшем сыйымдылығымен жабдықталуы тиіс.

62. Дезинфекциялау құралы сөрелерде бұзылмаған ыдыста, металлмен қапталып, астына тұғырық қойылып сақталуы тиіс. Сақталатын әрбір заттың нақты трафареты (заттың атауы, дайындау уақыты, сақтау мерзімі) болуы тиіс.

63. Дезинфекциялық ерітінділермен жұмыс жасау үшін екі: хлораторлық және контейнерлік үй-жайы бар жеке ғимарат қарастырылуы тиіс. Хлораторлық үй-жайда еденнен 2-2,5 м биіктікте орнатылатын дезинфекциялау құралдарына арналған металл сыйымдылық ыдыс, 120-150 литрлік өлшем ыдысы, 1-2 текше метр (бұдан әрі- m^3) тот баспайтын металлдың реакторы, сұйық хлоры бар баллон орналасуы тиіс. Контейнерлік үй-жай сұйық хлоры бар баллондарды өлшеуге арналған бақылау таразысымен, тельфермен жабдықталуы тиіс. Контейнерлік үй-жайдың ауданы 20 шаршы метрден (бұдан әрі- m^2) кем болмауы тиіс.

64. Платформаға дезинфекциялау ерітіндісін беру үшін құбыр қапталуы тиіс.

65. Зертханалық үй-жай жарық, табиғи жарықпен болуы тиіс. Қабырғалар 2 м кем емес биіктікте плита жапсырылуы немесе майлы бояумен боялуы тиіс. Зертхана сыртқа сору шкафымен, ыдыс жуу үшін - жуу бөлмесімен жабдықталуы тиіс.

66. Дезинфекциялау құралдарын дайындау, беру және жағу процестері, сондай-ақ барлық тиеу-түсіру жұмыстары механикаландырылған болуы тиіс.

8 . Вагондарды өндеудің технологиялық процесіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

67. 1 және 2-санатта санитарлық өңделетін вагондардың ішіндегілер түсірілу алдында сумен, 3-санатта өңделу үшін депоға келіп түсетіндер - дезинфекциялау ерітіндісімен ылғалдануы тиіс.

68. Вагонның ішіндегілерді және жабдықтарды тазалау ластану толығымен жойылғанға дейін жүргізіледі. ДЖС өңделетін вагон ішіндегі жүктерді тазалау:

1) 1-санат бойынша - қоқыс, жемшөп, көң, алмалы-салмалы жабдықтар тазалаудан кейін шектеусіз қолданылады немесе N 137 бұйрыққа сәйкес тұрмыстық қалдықтарға арналған полигонға шығарылады;

2) 2-санат бойынша - қоқыс және жемшөптің қалдықтары өртелуі тиіс: көң - компостирлеу жолымен зарарсыздануы немесе өртелуі; алмалы-салмалы жабдықтар - жуу алаңшаларында механикалық тазартылуы тиіс;

3) 3-санат бойынша - өртелу үшін қақпақты металл контейнерлерге жиналуы тиіс. Өртелген соң одан әрі олардың сыртын жуу үшін контейнерлер дезинфекциялануы тиіс. Жүк қалдықтарын платформаға түсіруге рұқсат етілмейді.

Жуу судағы лай толық жойылғанға дейін жүргізілуі тиіс. 1-санатта өңделетін вагондарды жуудың сапасын тексерген соң оларды шектеусіз қолдану үшін вагондарды шығаруға рұқсат берілуі тиіс.

69. Вагондар жуылғаннан кейін дезинфекциялануға жатуы тиіс. Дезинфекцияланған соң вагондардың іші және сырты ыстық сумен қайта жуылуы тиіс.

70. Вагонды пароформалин әдісімен дезинфекциялық өңдеу жабық депода жүргізілуі тиіс. Пароформалин қоспасын жіберетін шлангілер қалдықтардан тазартылған және жуылған вагонға қойылуы тиіс. Вагондардағы люктер, есіктер жабық болуы тиіс. Пароформалин қоспасы вагоннан жұмысшылар шыққан соң берілуі тиіс. Дезинфекция аяқталғаннан кейін вагон ауасы тазартылады.

71. Өңделген вагондар дезинфекция аяқталғаннан кейін 30 минуттан ерте емес уақыттан кейін объектіден шығарылуы тиіс.

72. Қыс мезгілі кезінде өңделетін бетте дезинфекциялау ерітіндісінің қатып қалуын болдырмау үшін дезинфекция вагонды ыстық сумен жуған мезетте жүргізілуі тиіс.

73. Жұмыста қолданылатын барлық жабдықтар және мүккамалдар жұмыс аяқталған соң механикалық тазалауға, дезинфекциялау ерітіндісімен зарарсыздандыруға жатқызылуы және өңдеу алаңшаларындағы жеке үй-жайларда сақталуы тиіс. Мүккамалды басқа аймаққа ауыстыруға рұқсат етілмейді.

74. ЖВДП-да жабық вагондарды тасымалдауға дайындауға мына операциялар енуі тиіс:

- 1) техникалық (коммерциялық) қарау;
- 2) вагондарды жүк қалдықтарынан тазалау;
- 3) кузовтың ішкі беттерін жуу;
- 4) вагондарды кептіру;
- 5) вагон кузовын, жүріс бөліктерін, тежегіш жабдықтарды, автотіркемелік құрылғыларды және вагон жақтауларын тіркемеден ажыратпай ағымдық жөндеу.

Тазалау, жуу, кептіру ағыс әдісімен, жөндеу - стационарлы жүргізілуі тиіс.

75. ЖВДП-да вагондарды техникалық (коммерциялық) қарау кезінде вагондарды дайындау бойынша жұмыстың келесі көлемі орындалуы тиіс:

1) техникалық және коммерциялық тұрғыдан жарамды 1-топтағы ластанбаған вагондар (инертті жүктер) тазалау және жуудан өтіп тиелуге дайын тұруы тиіс;

2) алдын ала тазалауды талап етпейтін (астық, ұн, күнжара, қоспажем, кант, бұршақ, жемшөп, ыдыс жүктерді тасымалдағаннан кейін) 1-топтағы вагондар жуылуы және кептірілуі тиіс.

3) жүк қалдықтарының саны жоғары (қауіпсіз және аз қауіпті минералды жүк) 2-топтағы вагондар: минералды тыңайтқыштарды (фосфат, азот, калий және тағы басқа) және жалпы өнеркәсіптік мәндегі (алебастер, әк, магнезит, цемент, әйнек талшығы, қоқысмақта, ағаш көмір, күйе, сода, тринатрийфосфат, тұз) химиялық заттарды тасымалдаған соң тазалануы, жуылуы және кептірілуі тиіс;

4) қауіпті жүктердің қалдығын (пестицидтерді және уыттылығы 1, 2, 3-класстағы басқа да қауіпті жүктерді) тасымалдаған соң 3-топтағы вагондар жинауға арналған бөлек алаңшасы, ағынды және жуынды суларды тазалауға, бейтараптауға және зарарсыздандыруға арналған бөлек кәріз жүйесі бар ЖВДП-ның маңызды жолдарында өңдеуден өтуі тиіс. ЖВДП-да аталған жағдай болмаған кезде қауіпті жүктер вагондарын өңдеуге рұқсат етілмейді;

5) ағымдық тіркемеден ажыратуды, деполық немесе күрделі жөндеуді талап ететін вагондар тиеуге дайындалатын вагондардың өз тобында тазалау, жуу, кептіру және ағымдық тіркемеден ажыратпай жөндеуден өтуі, содан кейін вагон депосының жөндеу учаскесіне берілуі тиіс.

76. ЖВДП-да вагондарды тазалау алдында вагондардың ішіндегі қалдықтар анықталуы, қажет болған жағдайда жүктің қалдық құрамы зертханалық әдіспен анықталуы тиіс.

77. Вагондарды тазалауда көп қалдықтар болса әртүрлі механизм (автожүкшілер, алмалы-салмалы бөлшектер, бульдозер, өнеркәсіптік шаңсорғыш) көмегімен жүзеге асырылуы тиіс. Қалдықтар платформа жаққа қарсы вагонның ашық есіктеріне шығарылуы тиіс. Тазалаудан кейін вагон қол құрал-саймандарымен одан әрі тазартылуы тиіс.

78. Вагоннан шығарылатын жүк қалдықтарын және қоқысты тазалау үшін платформа астына орнатылатын ленталық транспортерлер жүйесі қолданылуы тиіс. Алаңшадан және жол аумағынан жүк қалдықтарын жинау механикалық жолмен жүргізілуі тиіс. Қоқыс және жүк қалдықтары жылжымалы құрамға тиелуі және N 137 бұйрық талаптарына сәйкес объекті аумағынан полигонға шығарылуы тиіс.

79. ЖВДП-да вагондарды жуу, жуу машиналарының көмегімен немесе бранспойттағы (60-70 ° C) ыстық суымен жүргізілуі тиіс. Жуу машинасын

басқару орталық басқару пультімен жүргізілуі тиіс. Жуылған соң вагон кептіру учаскесіне әкелінуі тиіс. Кептіру үшін вагонға жылытылған ауа жіберілуі тиіс. Тазартылған вагон тіркемеден ажыратпай жөндеу (вагонның ағаш еденін және қабырғасын қалыпқа келтіру, қос доңғалақтарды реттеу, бкусты алдын ала қарау) жүргізілетін жөндеу цехына жіберілуі тиіс.

80. Вагондарды тасымалдауға дайындау пункті оператордың пультпен басқаруына, вагондардың әртүрлі қалыптағы қосылысын, өңделуін және жұмыс жабдығын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өнеркәсіптік теледидармен жабдыкталуы тиіс.

9. Дезинфекциялау ерітінділерімен жұмыс істеу кезінде еңбек жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

81. Жұмыс кезінде пайдаланылатын дезинфекциялау құралдарға Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген болуы тиіс.

82. Дезинфекциялау құралдарын қолданумен байланысты барлық жұмыстар арнайы киімде (бұдан әрі - арнайы киім) және арнайы аяқ киімде (бұдан әрі - арнайы аяқ киім), жеке қорғаныш құралын пайдалану арқылы жүргізілуі тиіс. Құрамында хлор бар заттармен, формалинмен жұмыс істеу кезінде газтұмылдырғыны, ащы натрмен жұмыс кезінде - қорғаныш көзілдірікті пайдалану тиіс.

83. Арнайы киім және тыныс алу, көз мүшелерінің және дене терісінің жеке қорғаныш құралдары жеке таңдап алынуы және әрбір қызметкердің жауапкершілігіне бекітілуі тиіс. Жеке қорғаныш құралдарын дезинфекциялау құралдарымен бірге сақтауға, сондай-ақ арнайы киімді және арнайы аяқ киімді жұмыстық емес орындарда киіп жүруге рұқсат етілмейді.

84. Өңделетін объектілерде темекі шегуге, ішуге, тамақ жеуге рұқсат етілмейді. Жұмыстан кейін қызмет адамы ауызды шайып, қолды, бетті және дененің басқа да ашық жерлерін сабынмен жууы және санитарлық өткізу бөлімшесінде өңдеуден өтуі тиіс.

85. Вагондарды 2 және 3-санатта өңдеумен айналысатын қызметкерлердің арнайы киімдерін жуу оны камералық дезинфекциялағаннан кейін санитарлық өткізу бөлімшесінің кір жуу бөлмесінде орталықтанып жүргізілуі тиіс.

86. Пайдалануға жарамсыз ыдыс зарарсыздандырудан кейін жоюға жіберілуі тиіс. Қағаздан және ағаштан жасалған ыдыс тұрғын және өндірістік үй-жайлардан, күл-қоқыстардан 200 м жақын емес қашықтықта өртелуі, сынған әйнектер қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында 0,5 м кем емес тереңдікке көмілуі тиіс.

87. Дезкамера және санитарлық өткізу бөлімшелерінің қызмет адамдары арнайы киімде және жеке қорғаныш құралымен жұмыс істеуі, ал аса қауіпті жұқпалы ауруға күдік болған жағдайда обаға қарсы костюмді пайдалануы тиіс. Дезкамерамен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы уәкілетті органдар белгілеген тәртіппен медициналық тексерістен, сондай-ақ оқу курсынан өткен, бу қазандығында қызмет көрсету туралы техникалық минимум тапсырғаны жайлы куәлігі бар 18 жастан жоғары тұлға жұмыс істеуге босатылады.

88. Камералық өңдеу бу, буауа және пароформалин әдісімен жүргізілуі тиіс.

10. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

89. ДЖС, ЖВДП-ның санитарлық-тұрмыстық үй-жайларында қарастырылуы тиіс: әкімшілік, вагондарға 2 және 3-санатта өңдеу жүргізумен айналысатын ерлерге және әйелдерге арналған бөлек санитарлық өткізу бөлімшесі, киім ілетін бөлме, дәретханалар, себезгі, қолжуғыш, жұмыс істеушілердің демалуы және жылынуына арналған бөлме, тамақтануға және әйелдердің жеке гигиенасына арналған бөлме, кептіруге, жууға дезинфекциялауға, химиялық тазалауға және арнайы киімді және арнайы аяқ киімді жөндеуге арналған бөлме.

90. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар өзінің құрылғысы және жабдығы бойынша N 334 бұйрыққа сәйкес болуы тиіс.

91. Лас киімдерді және жұмыс киімдерін беру үшін дезкамераның лас бөлімшесі, кір жуу бөлмесі және санитарлық өткізу бөлімшесінің арнайы киімдерді шешуге арналған үй-жайының арасындағы қабырға лас бөлімше жақтан жабылатын арнайы тереземен жабдықталуы тиіс.

92. Арнайы киімге арналған шкафтарда (әрбір шкафтағы ауаның көлемі 10 м^3 /сағ) табиғи сору желдеткішіне арналған құрылғы қарастырылуы тиіс. Ауаны соратын шкафтардың құрылғысына тәуелсіз арнайы киімдерді және аяқ киімдерді кептіруге арналған (ашық ауада жұмыс істейтін бір адамға $0,15\text{ м}^2$, бірақ 4 м^2 артық емес есеппен) үй-жай қарастырылуы тиіс.

93. ДЖС және ЖВДП-да вагондарға 1-санатта өңдеу жүргізетін қызметкерлердің жуынуына арналған себезгі бөлмесінде арнайы киімдерді кептіргіші бар кір жуу бөлмесі бірге болуы тиіс.

94. Жұмыс істеушілердің демалуы және жылынуына арналған үй-жайдың ауданы неғұрлым көп ауысымда бір жұмыс істеушіге $0,2\text{ м}^2$, бірақ 12 кем емес есеппен болуы тиіс. Демалуға және жылынуға арналған үй-жайды тамақ ішуге

95. ДЖС және ЖВДП-ның жұмыскерлері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 2780 болып тіркелген "Олардың кезінде алдын ала және мерзімдік медициналық қараулар міндетті зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі мен Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне ұшыраған қызметкерлерге міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарауларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 243 бұйрығының , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 4292 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі поезд қозғалысымен тікелей байланысты жұмысшыларды медициналық қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 17 мамырдағы N 220 бұйрығының талаптарына сәйкес міндетті алдын ала және ағымдық медициналық қараулардан өтуі тиіс.

"Жол монтерларының еңбек жағдайларына және тұрмыстық қызмет көрсетілуіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары 1. Жалпы ережелер

1) жол монтерлары (бұдан әрі - монтерлар) - темір жолдарда жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін темір жол көлігінің жұмысшылары;

2) жол жұмыстары - темір жолдарда жүргізілетін ағымдық, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары;

3) околотка - аралық жолдардағы ағымдық және жөндеу жұмыстарын жүргізетін жол қашықтығындағы өндірістік бөлімше;

4) жол қашықтығы - темір жолдарда ағымдық күтіп-ұстауды, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыратын темір жол көлігінің құрылымдық бөлімшесі;

5) аралық жол - екі темір жол станциясы арасындағы темір жол учаскесі.

2. Жол жұмыстары кезіндегі еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

4. Жол жұмыстарын орындау кезінде аз механикалық құралдар - бұрандауыштар, электрлібұрағыш кілттер, рихтовкалы домкраттар пайдаланылуы тиіс.

5. Ауыр заттарды ауыстырып орналастырумен байланысты үзіліссіз жұмыс кезінде жүкті көтеру мен ауыстырып орналастырудың шамамен рұқсат етілген массасы жол монтерлары үшін 15 килограммнан (бұдан әрі - кг) аспауы тиіс. Көрсетілген норма шамасындағы ауыр заттарды ауыстырып орналастырумен байланысты жұмыстың ұзақтығы жұмыс уақытының үштен бірінен ұзақ болмауы тиіс. Қолмен көтеретін жүктің максималды бір реттік салмағы 30 кг аспауы тиіс.

6. Статистикалық күш салу, энергия жұмсаудың жоғары деңгейімен сипатталатын әртүрлі ауыр жұмыстарды орындау (ықтиярсыз жұмыс қозғалысы) кезінде монтерларға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3792 болып тіркелген "Өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 334 бұйрығына (бұдан әрі - N 334 бұйрық) сәйкес жұмыс күні ішінде демалу үшін үзіліс берілуі тиіс.

7. Электрлі құрал-саймандарды пайдалану кезіндегі діріл деңгейі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3781 болып тіркелген "Санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 29 маусымдағы N 310 бұйрығына сәйкес болуы тиіс.

8. Көктемгі-жазғы кезеңде жаңадан антисептикалар сіңірілген ағаш шпалдарымен жұмыс істеу кезінде монтерлар қорғаныш мазыдарымен және пасталармен қамтамасыз етілуі тиіс.

9. Майлы антисептика сіңірілген шпалдарды және бөренелерді тиеу және түсіру бойынша монтаж жұмыстары қорғаныш пасталарын бетке, қолға, мойынға және дененің басқа да ашық жерлеріне жаққан соң арнайы киімде, қолғаппен жүргізілуі тиіс. Жұмыстан кейін және тамақ ішер алдында қолды, бетті және дененің басқа да ашық жерлерін жуыну құралдарын пайдалану арқылы жылы сумен жуу, ауыз қуысын шаю тиіс.

10. Қансорғыш жәндіктерден қорғану үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген репелленттермен қамтамасыз ету қарастырылуы тиіс.

11. Қысқы кезеңде локалды діріл әсері кезінде қол тамырларының тартылуын болдырмау үшін электрлішпал соққылағыштың сабы автоматты түрде жылытылуы тиіс.

12. Арнайы қар тазалау (қар шығару) поездарымен қар шығару кезінде монтерлар жол қатынасында жолаушылар вагонына орналасуы тиіс. Тиеу және түсіру аймағындағы қар тазалайтын поездың қозғалысы кезінде платформалардағы монтерлар платформа бортынан 1 м-ден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

13. Төмен және жоғары температура әсері жағдайында жол жұмыстарын орындау кезінде монтерлар арнайы киімді және жеке қорғаныш құралын пайдалануы тиіс.

14. Жол жұмыстарын орындау кезінде монтерларды жұмыс орнына апару және әкелуді ұйымдастыру жүзеге асырылуы тиіс.

15. Жол монтерларын тасымалдау Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2840 болып тіркелген "Көлік құралдарына санитарлық паспорт беру, есепке алу және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 349 бұйрығының талаптарына сәйкес санитарлық паспорттары бар көлікпен жүзеге асырылуы тиіс.

16. Монтерларды тасымалдауға арналған көлік құралының кузовы жабық болуы, отыруға арналған орындықтары болуы тиіс.

17. Монтерларды тасымалдауға арналған көлік құралы күнделікті тазартылуы және жуылуы тиіс.

3. Электрленген учаскелердегі, көпірлердегі және тоннельдердегі еңбек жағдайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

18. Электрленген жол учаскелеріндегі, көпірлердегі және тоннельдердегі жұмыс кезінде тыныс алу мүшесінің жеке қорғаныш құралы, резеңке матадан тігілген арнайы киім, табаны электр өткізбейтін арнайы аяқ киім, электр

өткізбейтін қолғаптар және қорғаныш каскалар пайдаланылуы тиіс. Жұмыс аяқталған соң және үзілістерде монтерлар тоннельде болмауы тиіс.

19. Тоннельде жұмыс істейтін монтерлар газбен улану жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі бойынша қосымша нұсқамадан өтуі тиіс.

20. Тоннельдер 50 м-ге дейінгі және одан артық емес ұзақтықтағы көпірлерде - поезд өту кезінде монтерлар тұратын қоршауы бар арнайы алаңшаларда қуыс (камерамен) жабдықталуы тиіс.

21. Көпірлерде материалдарды және құрал-саймандарды жинап салып қоятын орын бөлінуі, монтерларды көпірден өткізу орындарымен жабдықталуы тиіс.

22. Тәуліктің қараңғы уақытында көпірлерде және тоннельдерде жұмыс жүргізу 50 люкстен кем емес жасанды жарық кезінде жүзеге асырылуы тиіс.

23. Электрленген учаскелерде және автоблокпен жабдықталған учаскелерде жолдарды қайта түзету, жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде электрден қорғайтын құрал-саймандар қолданылуы тиіс.

4. Улы химикаттармен (пестицидтермен) жұмыс істеу кезінде еңбек жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

24. Улы химикаттармен (пестицидтермен) (бұдан әрі - пестицидтер) жұмыс істеу жағдайы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3705 болып тіркелген "Улы заттарды (уды) қолдануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 232 бұйрығының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

25. Темір жол магистральдары өтетін ауданда уыттылықтың үшінші-төртінші класындағы пестицидтерді қолдану санитарлық-қорғаныш аймағын сақтай отырып және шығынның минималды нормасымен жер үсті әдісіне ғана рұқсат етіледі.

26. Желдің жылдамдығы 4 метр секундтан жоғары кезде жолды бүркуге рұқсат етілмейді.

27. Пестицидтерді тиеу, түсіру, тасымалдау және қолдану бойынша орындалатын жұмыстардың ұзақтығы 6 сағаттан аспауы тиіс.

28. Жоғары уытты пестицидтермен және олардың ұшқыш қоспаларымен жұмыс кезінде әмбебап немесе газтұмылдырғы респираторлар пайдаланылуы тиіс.

29. Газтұмылдырғының және респираторлардың резеңкелі беткі бөлігі жұмыстан кейін күнделікті сабындап жылы сумен мұқият жуылуы және спиртке

немесе 0,5 пайыздық (бұдан әрі - %) марганец қышқылды калийінің ерітіндісіне батырылған мақта тампонымен дезинфекциялануы тиіс.

30. Аз уытты пестицидтармен жұмыс істеу кезінде монтердың табельді арнайы киімі қолданылуы тиіс.

31. Сұйық пестицидтермен жұмыс істеу кезінде (жұмыс ерітінділерін дайындау, сыйымдылықтарды толтыру, бүрку және улау, толтырылған жабдықтарға техникалық қызмет көрсету) қорғаныш заттармен таңбаланған арнайы киім және тері беттерін жеке қорғаудың қосымша заттары - пленкалы материалдан тігілген алжапқыштар және қолғаптар қолданылуы тиіс.

32. Сұйық пестицидтердің концентрацияланған түрімен жұмыс істеу кезінде қолды қорғау үшін олардың әсерінен қорғайтын қорғаныш қолғаптар және аяқ киімдер қолданылуы тиіс.

33. Жұмыс аяқталған соң жеке қорғаныш құралы мына тәртіппен шешілуі тиіс:

1) резеңке қолғап қолдан шешілмей тұрып жуу ерітіндісімен, содан кейін сумен жуылуы тиіс;

2) одан кейін қорғаныш көзілдірігі, респиратор, аяқ киім және комбинезон немесе костюм шешіледі;

3) шешілерден бұрын қолғаптар жуу ерітіндісінде және суда қайта жуылуы тиіс.

34. Арнайы киімді және жеке қорғаныш құралын зарарсыздандыру бойынша іс-шаралар жеке қорғаныш құралдарын пайдалану арқылы сыртқа тарату желдеткіші бар арнайы жабдықталған алаңшаларда немесе үй-жайларда жүргізілуі тиіс.

35. Пестицидтермен жұмыс жүргізу кезінде тамақ, су ішуге және темекі тартуға рұқсат етілмейді.

36. Пестицидтерді тасымалдауға арналған көлік құралы және оларды қолдану жөніндегі аппаратура (бүркеуіштер, шашыратқыш және басқалар) синтетикалық жуу ерітіндісінің жылытылған суымен айына кемінде екі рет зарарсыздануы тиіс.

37. Жұмыс аяқталған соң, пестицид қалдықтарымен ластанған үй-жайды ылғалды жинау жуғыш заттарды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

5. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

38. Жол қашықтығындағы санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар N 334 бұйрықтың талаптарына сай болуы тиіс.

39. Околоткада жұмыс істейтін монтерлар үшін жылынуға және демалуға арналған жылытылған және жарықтанған үй-жай қарастырылуы тиіс. Жылынуға

арналған үй-жайды жұмыс уақытында аз уақытқа демалу және тамақ ішу үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

40. Аралық жолда жұмыс істейтін монтерлар үшін ыстық тамақты термосқа құйып жеткізу және ыдысқа құйылған ауызсу беру ұйымдастырылған болуы тиіс. Ауызсу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3608 болып тіркелген "Ауыз суы жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 24 наурыздағы N 147 бұйрығының талаптарына сай болуы тиіс.

41. Монтерлар бригадасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3358 болып тіркелген "Халыққа кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетуге арналған алғашқы жәрдем қобдишасынның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 876 бұйрығының талаптарына сай алғашқы медициналық қызмет көрсету үшін дәрі-дәрмек жиыны бар дәрі қобдишасымен қамтамасыз етілуі тиіс.

42. Монтерлар апаттық жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқытылуы тиіс.

43. Жол монтерлары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2780 болып тіркелген "Олардың кезінде алдын ала және мерзімдік медициналық қараулар міндетті зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі мен Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне ұшыраған қызметкерлерге міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарауларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 243 бұйрығына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4292 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі поезд қозғалыстарымен тікелей байланысты жұмысшыларды медициналық қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 17 мамырдағы N 220 бұйрығына сәйкес жұмысқа қабылданар алдында міндетті алдын ала және ағымдық медициналық қараулардан өтуі тиіс.

44. Темір жол объектілерінде ауыр қол еңбегін болдырмайтын жол жұмыстарының кешенді механизмі қарастырылуы тиіс.

45. Монтерлар арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралымен қамтамасыз етілуі тиіс. Арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныш құралы жарамды жағдайда болуы және жеке антропометриялық көрсеткішке және ауа-райы жағдайына сәйкес болуы тиіс.

46. Механикаландырылған электрлі құрал-саймандармен рельстерді аралау, бұрғылау және тегістеу бойынша жұмыстарды орындайтын монтерлар көру, есту мүшелерін, қол және бет терісін жеке қорғау құралдарымен (қорғаныш көзілдірігі, шуға қарсы құлаққаптар және қосалқы заттар, дірілден сақтайтын қолғаптар) қамтамасыз етілуі тиіс.

47. Дренажды құдықтағы жұмыстар жеке қорғаныш құралдарын пайдалану (эмбебап респираторлар) және арқанмен бекітілген сақтандыру белдігін (трос) пайдалану арқылы екі монтер жүргізуі тиіс.

48. Арнайы киімді және аяқ киімді, сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарын тазалау, жуу және жөндеу орталықтанып жүргізілуі тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 с ә у і р д е г і
N 189 бұйрығымен бекітілген

**"Вагон депосын жобалауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға
қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары 1. Жалпы бөлім**

1. "Вагон депосын жобалауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары (бұдан әрі - санитарлық ереже) жүк вагон депосын (бұдан әрі - депо) өндірістік жабдықтауға, желдеткішіне, жылуына, табиғи және жасанды жарығына, кәрізге, сумен жабдықтауға, аумағын, өндірістік үй-жайларын күтіп-ұстауға және еңбек жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитарлық ереже қызметі депоны күтіп-ұстаумен және пайдаланумен байланысты заңды және жеке тұлғаларға таратылады.

3. Санитарлық ережеде мына термин және оның анықтамасы қолданылды:
вагон депосы - вагондарды жоспарлы және күрделі жөндеуге, вагон тораптарын және бөлшектерін жөндеу және толықтыруды орындауға арналған темір жолдардың, өндірістік ғимараттардың және құрылыстардың кешені.

**2. Ғимараттарды, құрылыстарды орналастыруға
және аумақты күтіп-ұстауға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

4. Депоның аумағы селитебті және рекреациялық аймаққа қатысты жел соғатын жаққа орналасуы, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3792 болып тіркелген "Өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ереже және нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 334 бұйрығына (бұдан әрі - N 334 бұйрық) сәйкес санитарлық-қорғау аймағы болуы тиіс.

5. Жаңа құрылыс және жұмыс істеп тұрған депоны қайта жаңарту жобаларына, жаңа жабдықтарды орнатуға, жаңа технологияларды енгізуге, суды пайдалану жағдайларына және ағынды суларды жіберуге, атмосфера ауасына зиянды заттарды тастауға, қалдықтарды кәдеге жаратуға осы санитарлық ереже талаптарына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болуы тиіс.

6. Депоның аумағы және санитарлық-қорғау аймағы N 334 бұйрық талаптарына сәйкес көркейтілуі, көгалдануы тиіс.

7. Депоның аумағында мына:

1) өндірістік: бас корпус; вагондарды әкелу және әкету жолдары; вагондарды тазалау машиналарын жабдықтау, жуу және орнату; депо аумағы бойынша жылжымалы құрамның басып озу және толассыз қатынасы үшін, жөнделген вагондарды жөнелтуге, жөндеуді күтетін вагондардың тұрағына арналған жолдар; от жағу бөлмесі; жуу құрылғылары; 10 тонна және одан да артық тонна жүкті көтеретін жылжымалы және көпір тәріздес аспалы крандармен жабдықталған қос дөңгелектер және арбалар паркі; дайындау жұмыстарына арналған алаңшасы бар ғимарат;

2) қосалқы: жөнделетін төрт осьті он вагонға 6 шаршы метр (бұдан әрі - м²) есебімен металлоломды және металл жоңқасын сақтауға арналған контейнері бар алаңша, трансформаторлы кіші станция және нығыздау бөлмесі, өртке қарсы депо, су жинау мұнарасы, ағаш өңдейтін учаске;

3) қойма: артық бөлшектерге, пиломатериалдарға, өрттен қауіпті материалдарға арналған қойма, кептіру камерасы;

4) әкімшілік-шаруашылық: әкімшілік-тұрмыстық корпус, автогараж, асхана, өту бөлмесі;

5) демалу: рекреация объектілері - орындықтар, демалуға арналған павильондар, спорт алаңшасы орналасатын аймақтар қарастырылуы тиіс.

8. Депоның аумағындағы автомобиль жолдары, жаяу жүру жолы және жаяу өту жолдарының беті қатты болуы тиіс.

9. Аумақта қалдықтары бар сыйымдылық ыдыстарды уақытша сақтауға арналған алаңша бөлінуі тиіс. Алаңша қоршалуы және беті қатты болуы тиіс. Мұнай өнімдерінің қалдықтарын, балласты, сұрту материалдарын және

өндірістің басқа да қалдықтарын (бұдан әрі - қалдықтар) жинау және уақытша сақтау үшін сыйымдылық ыдыс орнатылуы тиіс. Депо аумағында қалдықтарды жағуға рұқсат етілмейді.

10. Қалдықтар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3629 болып тіркелген "Елді-мекен аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 137 бұйрығының талаптарына сәйкес шығарылуы тиіс.

11. Қалдықтарды жинауға арналған металл контейнерлер бетондалған алаңшаға орнатылуы тиіс. Контейнер мен алаңшаға дейінгі қашықтық 1,0 метрден (бұдан әрі - м) кем болмауы тиіс. Қоқыс жинауға арналған алаңша үш жақтан қоршалуы тиіс.

12. Контейнерлер өндірістік және қосалқы үй-жайлардан 25 м-ден жақын емес қашықтықта орналасуы тиіс. Қоқысты шығару контейнер сыйымдылығына 2/3 артық емес жиналуы кезінде жүргізілуі тиіс.

3. Сумен жабдықтауға және кәрізге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

13. Депо шаруашылық-ауызсу және техникалық мақсатқа арналған сумен қамтамасыз етілуі тиіс. Ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін қолданылатын су Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2999 болып тіркелген "Шаруашылық-ауызсумен жабдықтау және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары бойынша санитарлық ереже және нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығының (бұдан әрі - N 506 бұйрық) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

14. Шаруашылық-ауызсу мен техникалық су құбырларын қосуға рұқсат етілмейді. Сумен қамтамасыз ету жүйесі бөлек болуы, құбырлар - ажырату түсімен боялуы тиіс. Су тарату жерлерінде "ауызсу", "техникалық су" деген жазулар болуы тиіс. Барлық үй-жайлар N 506 бұйрықтың талаптарына сай ауызсумен қамтамасыз етілуі тиіс.

15. Концентрациялы қышқыл ерітіндісімен және сілтімен денені және көзді зақымдау қаупі бар өндірістік үй-жайларда араластырғыш арқылы ыстық және салқын су келіп тұратын раковина және шынтак және аяқпен қосылатын құрылғысы бар жуу краны орнатылуы тиіс.

16. Аккумулятор бөлмесі ағынды суларды және пайдаланылған электролитті шығаруға арналған оқшау кәрізбен жабдыкталуы тиіс.

17. Тазалау имараттары депоның ластанған аумағындағы өндірістік және жер бетінің ағынды суларын жауын суының кәріз желісі арқылы қабылдауға есептелуі тиіс. Тұрмыстық ағынды сулар қалалық немесе станциялық кәрізге жіберілуі тиіс. Өндірістік кәрізге шаруашылық-тұрмыстық ағынды суды жіберуге рұқсат етіледі.

18. Бөлшектерді және тораптарды жуу кезіндегі жуынды сулар сыйымдылық ыдысқа жиналуы және зарарсыздануы тиіс.

19. Тазалау құрылыстары өндірістік ағынды суларды зиянды заттардан тазалауды қамтамасыз етуі тиіс.

4. Табиғи және жасанды жарыққа қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

20. Өндірістік, қосалқы, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың және аумақтың табиғи және жасанды жарығы N 334 бұйрықтың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

21. Адамдар тұрақты болатын депоның барлық өндірістік үй-жайларында табиғи жарық болуы тиіс.

22. Өндірістік үй-жайлардың жалпы жасанды жарығы аралас болуы, жарықты біркелкі түсіруі және разрядты жарық көзі бар шамшырақтармен қамтамасыз етілуі тиіс. Қызу шамдары апаттық жарық үшін қолданылуы тиіс.

23. Қарау арықшалары еденнен 1,2-1,5 м деңгейде люминесцентті шамшырақпен қатарласқан панель жарығымен жабдықталуы тиіс.

24. Жұмыс жүргізілмейтін өндірістік үй-жайлардың өту жолдары мен учаскелерінің жарығы нормаланатын жарықтың 25 пайызынан (бұдан әрі - %) артық емес, бірақ разрядты шамның 75 люксінен (бұдан әрі - лк) және қызу шамының - 30 лк кем емес болуы тиіс.

25. Көпір тәріздес аспалы крандар кранасты жарығымен жабдықталуы тиіс.

26. Көпір тәріздес және жылжымалы аспалы крандардың кабиналарына краннан жоғары орнатылған жалпы жарықтандыру шамшырағының жарығы бөлігінің краншының көзіне түсуін болдырмайтын экрандар орнатылуы тиіс.

27. Қосымша тасымалданатын жарық талап етілетін жұмыстарды орындау үшін тасымалданатын шамшырақ ретінде каскаға бекітілген немесе магнитті ұстатқышы бар шамдар қолданылуы тиіс.

28. Шамшырақтар және жарық жақтауларының әйнектері ластануына байланысты, бірақ айына кемінде бір рет тазартылуы тиіс. Әйнектерді тазалау процесі механикаландырылған болуы тиіс.

29. Істен шыққан шамшырақтар, сынған және ақаулы қорғаныш арматура уақтылы ауыстырылуы тиіс. Сынап толтырылған пайдаланылған шамдар есепке алынуы қажет және одан әрі сынапты жою үшін жеке үй-жайда сақталуы тиіс.

5. Жылуға, желдеткішке қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

30. Өндірістік үй-жайлардағы жылу, желдеткіш жүйелері рұқсат етілген және тиімді микроклиматтық параметрді қамтамасыз етуі және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3789 болып тіркелген "Өндірістік үй-жайлардың ауасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ереже және нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 14 шілдедегі N 355 бұйрығының (бұдан әрі - 355 бұйрық) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

31. Жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттар құрамының деңгейі " Гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 841 бұйрығының талаптарына сай болуы тиіс.

32. Жылу жүйесі ауаның біркелкі жылуын, үй-жайдың жылыну деңгейін реттеу мүмкіндігін, тазалау және жөндеуге ыңғайлы болуын қамтамасыз етуі тиіс

33. Тұрақты жұмыс орындары бар өндірістік үй-жайлардағы жылыту құралдары жарық жақтауларының астына орналасуы тиіс.

34. Қақпа, кіру есіктері және терезелер салқын мезгілде жылу қабаттарымен бекітілуі тиіс. Қақпа ауа-жылу шымылдығын жіберу арқылы блоктануы тиіс.

35. Қарау арықшаларында жылу қарастырылуы тиіс. Ауа жылуын қолдану кезінде сырттан келетін ауа қарау арықшаларының қабырға бойында орналасқан торлар арқылы берілуі тиіс.

36. Депоның барлық үй-жайлары табиғи жалпы айналым желдеткішімен қамтамасыз етілуі тиіс. Терезенің фрамугтері ашылуы және нығыз жабылуы үшін механизммен жабдықталуы тиіс.

37. Техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу цехтарында механикалық сыртқа тарату желдеткіші қарастырылуы тиіс.

38. Жылу жоғары бөлінетін цехтардың және учаскелердің шатырлары жел соқпайтын шахталармен, аэрациялық фонарлармен, қашықтан басқарылатын механикаланған фрамугпен жабдықталуы тиіс. Табиғи желдету кезінде желдетілетін үй-жайға сырттан ауаның келуі жылдың жылы мезгілінде 1,8 м артық емес деңгейде, жылдың салқын мезгілінде - еденнен желдеткіш

жақтауларының төменіне дейін 4 м-ден төмен емес деңгейінде қарастырылуы тиіс.

39. Ауаның келуі үшін терезелерде ашылатын жақтаулар, аэрациялық қақпа, көтеріліп қозғалатын қабырғалар қарастырылуы тиіс. Ашылатын жақтаулардың ауданы әйнектелудің жалпы ауданының 20%-нан кем емес болуы тиіс.

40. Жергілікті сору жүйесі қосылыстары жарылыс қаупін тудыруы немесе неғұрлым қауіпті және зиянды заттарды түзуі мүмкін заттарға арналған техникалық жабдықтардан бөлек болуы тиіс.

41. Жергілікті сору желдеткішінің жүйесі және құрылғысы ауаны ластан тазалауға арналған қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

42. Өндірістік жабдықтарды іске қосу желдеткіш жүйесіне арналған іске қосумен блоктануы тиіс.

43. Желдеткіштің жүйесі және құрылғысы бір цехтан екіншісіне зиянды заттардың ену мүмкіндігін болдырмауы тиіс. Сырттан келетін ауаны көп ластанған аймақтан аз ластан аймақ арқылы бағыттауға рұқсат етілмейді.

44. Жергілікті соруды орнату мүмкін емес кезде сырттан келетін ауа зиянды заттарды бөлу көздеріндегі тұрақты жұмыс орындарына берілуі тиіс.

45. Ауаның берілуі жұмысшы өту жолдарында немесе соруға қарсы жақтағы учаскеде жүргізілуі тиіс. Келетін ауа жұмыс аймағымен келуі және қарсы жақпен шығарылуы тиіс.

6. Шудың, дірілдің, ультрадыбыстың, электромагниттік өрістің деңгейлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

46. Шудың, дірілдің, ультрадыбыстың және электромагниттік сәулелердің деңгейлері гигиеналық нормативтерге сай болуы тиіс.

47. Қарқынды шу және діріл көздері бар үй-жайлар, цехтар және учаскелер шуы аз үй-жайлардан алшақ болуы тиіс. Жабдықтар еден және басқа да конструкциялық ғимараттар дірілінен оқшауланған өзіндік фундаменттерге орнатылуы тиіс.

48. Нормативтік мәннен артатын шу көздері бар агрегаттар тұмшалауыштармен жабдықталуы және жеке үй-жайларда орналасуы тиіс.

49. Цехтардағы рельс жолдары дірілден оқшауланған тығыз негізге салынуы тиіс.

50. Дизель-генераторды қабырғалық сынау басқа үй-жайлардан және басқару пультінен дыбыспен оқшауланған жеке үй-жайда жүргізілуі тиіс.

51. Пневматикалық және электрлі құрал-сайман арқылы қолмен жұмыс жасау Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3781 болып

тіркелген "Санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 29 маусымдағы N 310 бұйрығының талаптарына сай орындалуы тиіс.

52. Жұмыс орындарындағы шудың деңгейін өндірістік бақылау және машиналардың діріл сипатын ағымдық сынау жылына кемінде бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

7. Өндірістік жабдықтарды күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

53. Жөндеу үшін депоға жіберілетін вагондар ластан, қардан, мұздан тазартылуы, іші және сырты жуылуы, ауа жылуымен кептірілуі тиіс. Вагондарды тазалау, жуу, кептіру жуу бөлімшелерінде, олар болмаған кезде - механикаланған жабық тұрақтарда жеке ғимараттарда және осы мақсат үшін бөлінген жолдарда жүргізілуі тиіс. Тазалауға және жууға арнап бөлінген жолдардың екі жағында беті қатты жол (алаңша) болуы тиіс. Май қалдықтары букстан вакуумды сорғышпен шығарылуы тиіс.

54. Жұмыс орны таза күтіп-ұсталуы, күрделі жинау айына кемінде бір рет жүргізілуі тиіс. Әрбір цех үшін өндіріс сипаты есепке алынған үй-жайды жинаудың технологиялық процесі әзірленуі тиіс.

55. Пеш мұржаларының, жону қондырғысы орнатылған үстелдердің, еденнің, мойынтірек құюға арналған үй-жайлардағы жабдықтардың және құрылғылардың шаңдарын сүрту ылғалды әдіспен жүргізілуі тиіс.

56. Арбаларды, қос дөңгелекті, якорьлердің бекітілген жерлерін, мойынтіректерді, жабдықтардың тораптарын және бөлшектерін тазалау және жуу кептіргіш және жуу машиналарымен (камераларымен) жүргізілуі тиіс. Жуу машиналары нығыз жабылуы, желдеткіш жүйесімен және тазалауға, қайта қолдануға және ағынды суды шығаруға, қоқысты механикалық шығаруға арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

57. Жинау және бөлшектеу цехтары төмендетілген еденмен, технологиялық екі қабатты эстакадамен жабдықталуы және механика құралымен жабдықталған көтерілетін алаңшасы бар механикалық тұрақ орнатылуы тиіс.

58. Кузовтағы технологиялық операциялар дәнекерлеуді, күйдіруді қолдану арқылы стационарлы позицияда жүргізілуі тиіс.

59. Техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен байланысты депоның жұмыскерлерінің арнайы киімдермен (бұдан әрі - арнайы киім), арнайы аяқ киімдермен (бұдан әрі - арнайы аяқ киім) және жеке қорғаныш құралымен қамтамасыз етілуі тиіс.

60. Арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныш құралдары (респираторлар, газтұмылдырғы) жарамды жағдайда болуы және жұмыс істеушілердің антропометриялық дерегіне сәйкес болуы тиіс. Арнайы киімсіз, арнайы аяқ киімсіз және жеке қорғаныш құралдарынсыз жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

8. Бояу жұмыстарын жүргізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

61. Бояу цехтары, бөлімшелері, учаскелері (тазалау, кептіру, лакпен бояйтын материалдарды дайындау) жергілікті сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған оқшау үй-жайларда орналасуы тиіс.

62. Бояу цехтарында (учаскелерінде) және бояу дайындайтын бөлімшелерде ауа айналымына рұқсат етілмейді. Бояу жабдықтарының механизмдерін іске қосу желдеткіш жүйесімен блоктанған болуы және жұмыс істемейтін желдеткіш қосылмауы тиіс.

63. Вагондардың сыртын бояу жергілікті сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған арнайы қондырғыда немесе камерада жүзеге асырылуы тиіс.

64. Бояу камералары конвейерлермен, айналатын үстелдермен, жылжымалы көпіршемелермен жабдықталуы тиіс.

65. Вагондарды бояу бояуды пневматикалық шашырату әдісімен жүзеге асырылуы тиіс.

66. Қол жетпейтін жерлерді, қиын конфигурацияның бетін және кіші көлем беттерін бояу қолмен шашырату немесе щетка арқылы жүргізілуі тиіс.

67. Бояудың барлық түрлері және басқа да жұмыстар арнайы киіммен (бұдан әрі - арнайы киім), арнайы аяқ киіммен (бұдан әрі - арнайы аяқ киім) және жеке қорғаныш құралдарын қолдану арқылы орындалуы тиіс.

9. Аккумуляторлық (учаскелерге) және гальваникалық бөлімшелерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

68. Аккумулятор бөлімшесі оқшау үй-жайда орналасуы тиіс. Аккумулятор бөлімшелерінің үй-жайларын бөліп тұратын ішкі қабырға аралықтар еденнен төбеге дейін тегіс болуы тиіс.

69. Аккумуляторлық және гальваникалық бөлімшелерде еден және 2 м биіктікке дейінгі қабырға беттерінде қышқыл-сілті жабыны болуы тиіс, еден 3,5-4 кем емес градуспен кәріз жолына еңістеу болуы тиіс.

70. Бір үй-жайда қышқыл және сілті аккумулятор батареяларының жұмысын бірге жасауға рұқсат етілмейді.

71. Қышқыл және сілті аккумуляторларының жұмысына арналған өндірістік үй-жай бөлек жалпы айналым механикалық желдеткішпен, пайдаланылған электролиттерді құю орындары және қорғасынды дәнекерлеу және балқыту жүргізілетін жұмыс орындары - жергілікті сору желдеткішімен жабдықталуы тиіс.

72. Қуаттандыру, жуу-бөлшектеу және жинау үй-жайларында еденді шлангі суымен жууға мүмкіндік беретін су жинау-жолдары болуы тиіс.

73. Аккумулятор бөлімшесінде жарылыстан сақтандырылған арматурада жұмыстық және апаттық электрлі жарық болуы тиіс.

74. Аккумулятор бөлімшелеріндегі үй-жайлардың температурасы плюс 15 Цельсий градустан (бұдан әрі - $^{\circ}\text{C}$) төмен болмауы және 20 $^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы тиіс.

75. Аккумулятор бөлімшелерін жылыту үшін ашық пештерді, электр пештерін және электрлі плиталарды қолдануға рұқсат етілмейді.

76. Қышқылды сақтау және электролитті дайындау үшін жеке механикалық сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған үй-жай бөлінуі тиіс. Қышқылды құю жеке қорғаныш құралдарын қолдану арқылы жүргізілуі тиіс.

77. Аккумулятор бөлімшесінде тамақ ішуге және оны сақтауға рұқсат етілмейді.

78. Гальваникалық бөлімшеде улау және майсыздандыруға, гальваникалық бетін жылтыратуға және электролит дайындауға арналған оқшау үй-жай қарастырылуы тиіс.

10. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

79. Санитарлық-тұрмыстық үй-жаймен және құрылғылармен қамтамасыз ету N 337 бұйрыққа сәйкес өндірістік процестердің тобына және орындалатын жұмыстың сипаты мен түріне байланысты жүзеге асырылуы тиіс.

80. Депода құрамында киім ілгіш, себезгі, қол жуғыш, санитарлық тораптар, әйелдер гигиенасының бөлмесі, тамақ ішуге, демалуға және жылынуға, арнайы киімдерді және арнайы аяқ киімдерді өндеуге, сақтауға және беруге арналған үй-жайлар бар жылытылатын санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар болуы тиіс.

81. Киімдігіш арнайы киімдер мен қарапайым киімдерді сақтау үшін бөлек болуы, ілгіштермен немесе арнайы шкафтармен жабдықталуы тиіс.

82. Жұмыс істеушілерді жылытуға арналған үй-жай неғұрлым көп санды ауысымда бір адамға 0,1 м², бірақ 12 м² кем емес есебімен орнатылуы тиіс.

83. Өндірістік үй-жайларда жұмыс орнынан су ішуге арналған қондырғыға, қолжуғышқа, дәретханаға дейінгі қашықтық 75 м-ден аспауы тиіс.

84. Жұмыс орындарындағы жуыну крандарының саны ауысымда жұмыс істеушілер санының 30% кем емес есебімен қарастырылуы тиіс. Қол жуғышта жуыну құралдары және электрлі сүлгі болуы тиіс.

Өндірістік цехтардың жуыну үй-жайларында әртүрлі химиялық заттардың әсеріне төтеп беретін қолдың құрғауының алдын алуға арналған жуу және қорғаныш құралдары қарастырылуы тиіс.

85. Деподағы тамақтану ұйымдастырылған болуы тиіс. Деподағы тамақтану объектілері (асхана, асхана - әзірлеу, буфет) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2526 болып тіркелген "Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ереже және нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 25 шілдедегі N 569 бұйрығының талаптарына сай болуы тиіс.

86. Депода өндірістік бөлімшеден оқшауланған, жұмыс орнынан 75 м артық емес қашықтықта орналасуы тиіс жұмысшыларды арнайы тамақтануға жіберуге арналған үй-жай қарастырылуы және отыру орындарымен, тоңазытқыш шкафымен, қолжуғышпен жеткілікті мөлшерде жабдықталуы тиіс.

87. Себезгі бөлмесі және қолжуғыштар арластырғыш арқылы ыстық және салқын сумен қамтамасыз етілуі тиіс.

88. Барлық өндірістік және санитарлық-тұрмыстық үй-жайларда жинау мүккамалдарын сақтауға арналған орын бөлінуі тиіс.

11. Медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

89. Депода фельдшерлік (дәрігерлік) денсаулық сақтау пункті, сондай-ақ емдеу-сауықтыру кешендері қарастырылуы тиіс. Фельдшерлік (дәрігерлік) денсаулық сақтау үй-жайларының құрамы және ауданы N 334 бұйрыққа сай болуы тиіс.

90. Жұмыс орнына тікелей жақын жұмыс істеушілерді сауықтыру үшін қажетті емдеу-сауықтыру кешенінің үй-жайы дыбыстан оқшау және магниттік және электролиттік өрістен қорғайтын экранмен жобалануы, сондай-ақ цехтан лас ауаның келуін болдырмайтындай есіктер нығыз жабылуы тиіс.

91. Психофизиологиялық демалу бөлмелері N 334 бұйрыққа сәйкес физикалық және жүйке жүктемесі еңбегі (гигиеналық топталу бойынша III топтар) қатты байқалатын деполарда қарастырылуы тиіс.

92. Цехтарда және өндірістік учаскелерде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3358 болып тіркелген "Халыққа кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетуге арналған бастапқы жәрдем қобдишасының

құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 876 бұйрығының талаптарына сай дәрі-дәрмек жиыны бар дәрі қобдишасы болуы тиіс.

93. Депо жұмыскерлері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 2780 болып тіркелген "Олардың кезінде алдын ала және мерзімдік медициналық қараулар міндетті зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі мен Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне ұшыраған қызметкерлерге міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарауларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 243 бұйрығының , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 4292 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмысшыларды медициналық қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 17 мамырдағы N 220 бұйрығының талаптарына сәйкес міндетті алдын ала және ағымдық медициналық қараулардан өтуі тиіс.